

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару, оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына аудару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 24 ақпандағы № 41 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 2 наурызда № 22283 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 2021 жылғы 16 шілдедегі № 80 қаулысымен.

Ескерту. Қаулының күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 16.07.2021 № 80 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 74-5-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару, оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына аудару қағидалары бекітілсін.

2. Банктерді реттеу департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы тармақтың 2) тармақшасында көзделген іс-шараның орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің Төрағасы*

М. Абылкасымова

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту Агенттігінің
Басқармасының
2021 жылғы 24 ақпандағы
№ 41 Қаулымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару, оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің филиалына аудару қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару, оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнің филиалына аудару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 74-5-бабына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабына сәйкес әзірленді және қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі – уәкілетті орган) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру, сондай-ақ жеке тұлғалардың депозиттерін қайтару, оларды депозиттерге міндетті кепілдік беру

жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына аудару (бұдан әрі – рұқсат) тәртібін айқындайды.

2-тарау. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру тәртібі

2. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі Банктер туралы Заңның 74-5-бабының 3-тармағында көрсетілген талаптарды орындаған кезде рұқсат алу үшін уәкілетті органға өтініш береді.

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі рұқсат алу үшін мынадай құжаттарды қоса бере отырып, Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша уәкілетті органға Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы өтінішхат (бұдан әрі – Өтінішхат) береді:

1) қызметті тоқтату себептерін көрсете отырып, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату туралы шешімі;

2) жеке тұлғалардың депозиттерін аудару туралы шарттың және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау-өткізу және (немесе) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің филиалына аудару актісінің көшірмесі;

3) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға дайындық мерзімдері мен кезеңдері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті басқару органының шешімімен бекітілген іс-шаралардың тізбесі (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату жөніндегі негізгі іс-шаралардың жоспары).

3. Өтінішхат оған қоса берілген құжаттармен бірге қағаз тасымалдағышта беріледі.

Уәкілетті орган Өтінішхатты Банктер туралы заңның 69-бабының 2-тармағына сәйкес тиісті түрде ресімделген құжаттар қабылданған күннен бастап 2 (екі) ай ішінде қарайды.

4. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі ұсынған құжаттардың толық болмау фактісі белгіленген жағдайда, уәкілетті орган оларды алған күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн ішінде өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тартуды жібереді.

5. Уәкілетті орган Қағидаларда көзделген, тазартылған, қосып жазған жерлері не сызылған сөздері бар құжаттарды қарауға қабылдамайды.

6. Рұқсат беру туралы хабарламаны не рұқсат беруден бас тарту туралы дәлелді жауапты уәкілетті орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкiне шешiм қабылданған күннен кейiнгi күнтiзбелiк 4 (төрт) күн iшiнде (Банктер туралы заңның 69-бабының 2-тармағында белгiленген мерзiм шегiнде) жiбередi.

7. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi тоқтатуға берiлген рұқсат оны өтiнiш берушi алған күннен бастап күшiне енедi.

8. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi тоқтатуға рұқсат беруден бас тарту Банктер туралы заңның 69-бабының 2-1-тармағында көзделген негiздер бойынша жүргiзiледi.

9. Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi тоқтатуға рұқсат алу кезiнде банктiк және өзге де операцияларды жүргiзуге арналған лицензиялардың бұрын берiлген түпнұсқаларын уәкiлеттi органның осы шешiмi күшiне енген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде қайтарады.

10. Уәкiлеттi орган Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi тоқтатуға берiлген рұқсаттар тiзiлiмiн Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жүргiзедi.

3- тарау. Жеке тұлғалардың депозиттерiн қайтарудың не депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына аударудың тәртiбi

11. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң тиiстi басқару органы Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының қызметiн ерiктi түрде тоқтату туралы шешiм қабылдағаннан кейiн Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы жеке тұлғалардың депозиттерiн тiкелей төлеу не оларды депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалына аудару арқылы қайтару жөнiнде шаралар қабылдайды.

12. Жеке тұлғалардың депозиттерiн тiкелей төлеу не оларды депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалына аудару арқылы қайтару жөнiндегi дайындық iс-шараларына мыналар кiредi:

1) Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының жеке тұлғалардың депозиттерi бойынша мiндеттемелерiнiң сомасын айқындау;

2) жеке тұлғалардың депозиттерiн алдағы уақытта қайтару не оларды депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын

банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезиденті-банкiнiң филиалына аудару туралы хабарландыруды кемiнде 2 (екi) республикалық мерзiмдi баспасөз басылымында қазақ және орыс тiлдерiнде жариялау;

3) жеке тұлғалардың депозиттерiн алдағы уақытта қайтару не оларды депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалына аудару туралы хабарландыруды Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының клиенттерi көре алатындай жерде орналастыру.

13. Жеке тұлғалардың депозиттерiн қайтару не оларды депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалына аудару туралы өтiнiштердi қабылдау банктiң немесе Қазақстан Республикасының бейрезидентi-банкi филиалының таңдауы бойынша хабарландыру жарияланған күннен бастап 10 (он) жұмыс күнi iшiнде жүзеге асырылады.

Жеке тұлғалардың депозиттерiн қайтару депозиттi қайтару туралы өтiнiш берiлген күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнiнен аспайтын мерзiмде жүзеге асырылады.

Осы тармақтың бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген мерзiмде депозиторлардың жазбаша қарсылығының болмауы депозитордың депозиттi аударуға келiсiмi ретiнде қаралады.

14. Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалы Қағидалардың 13-тармағының бiрiншi бөлiгiнде көрсетiлген мерзiм аяқталған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнiнен кешiктiрмей депозиторлардың - депозиттi аудару туралы өтiнiш берген, сондай-ақ депозит алуға өтiнiш бермеген не депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын банкке немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалына депозит сомасын, депозиторлар есептеген және алған депозит бойынша сыйақы сомаларын көрсете отырып, депозиттi аудару туралы өтiнiш ұсынбаған жеке тұлғалардың тiзiмiн қалыптастырады және банктерге немесе Қазақстан Республикасы бейрезидентi-банкiнiң филиалдарына жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдау туралы ұсыныс жiбередi.

Ұсыныста депозиттердiң жалпы сомасы, оның iшiнде депозит бойынша есептелген және депозиторлар алған сыйақы сомалары, сондай-ақ Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдарының қосымша үй-жайлары бойынша депозитор-жеке тұлғалардың жалпы саны көрсетiледi.

Жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдауға ниет бiлдiрген банктер мен Қазақстан Республикасы бейрезидент-банктерiнiң филиалдары жеке тұлғалардың

депозиттерін қабылдау туралы ұсыныстар жіберген күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде бейрезидент-банктің филиалына еркін нысанда жазылған жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау ниеті туралы өтініш береді.

15. Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы ұсыныс жіберген күннен бастап 7 (жеті) жұмыс күнінен кешіктірмей жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдау ниеті туралы өтініш бергендердің арасынан және мынадай талаптарға сәйкес келетін банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын тандауды жүзеге асырады:

1) депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылады;

2) уәкілетті органның жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауға, банктік шоттарын ашуға және жүргізуге, кассалық операциялар жүргізуге қолданыстағы лицензиясы бар;

3) соңғы күнтізбелік 3 (үш) ай ішінде, сондай-ақ жеке тұлғалардың қабылданатын депозиттерінің сомаларын ескере отырып, пруденциялық нормативтерін сақтайды;

4) өтініш берген күнгі жағдай бойынша және құжаттарды қарау кезеңінде Банктер туралы заңның 46-бабы 1-тармағының 1), 2), 3), 4) және 5) тармақшаларында, 47-1-тармағында көзделген қолданыстағы қадағалап ден қою шаралары және (немесе) "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" 2014 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасы кодексінің 213-бабының алтыншы, сегізінші бөліктерінде, 227-бабының бірінші бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық үшін уәкілетті орган банкке, ірі қатысушыға (банк холдингіне) және (немесе) банктің басшы қызметкеріне қолданған қолданыстағы қадағалап ден қою шаралары жоқ;

5) қызметін ерікті тоқтатқан Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының депозиторларына қызмет көрсету үшін қосымша үй-жайлары бар.

16. Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы болып табылатын банкті, Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалын таңдау туралы шешім уәкілетті органға келісу үшін жіберіледі.

Уәкілетті орган құжаттар түскен күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының шешімін қарау нәтижелерін Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалына жазбаша түрде жібереді.

Уәкілетті органның сұратуы бойынша Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы жеке тұлғалардың депозиттерін аударуға қатысты ақпарат ұсынады.

17. Жеке тұлғалардың депозиттерін, сондай-ақ тиісті құжаттарды (шарттарды және басқа құжаттарды) аудару қызметін ерікті түрде тоқтатқан бейрезидент-банк филиалы мен депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне

қатысушы болып табылатын банк, Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалы арасында жасалатын жеке тұлғалардың депозиттерiн аудару туралы шарттың және 2 (екi) данада жасалған жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдау-өткiзу актiсiнiң негiзiнде Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының шешiмiн уәкiлеттi органмен келiскен күннен бастап 7 (жетi) жұмыс күнi iшiнде жүзеге асырылады.

18. Жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдау-өткiзу актiсiн ресiмдеу кезiнде онда мынадай мәлiметтер көрсетiледi:

1) Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының жеке тұлғалардың депозиттерi бойынша аудару күнгi жағдай бойынша мiндеттемелерiнiң мөлшерi;

2) қызметiн ерiктi түрде тоқтатқан Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалының қосымша үй-жайлары бойынша депозиторлар-жеке тұлғалардың тiзiмi, онда мынадай ақпарат қамтылады:

депозитордың жеке сәйкестендiру коды (банктiк шоттың нөмiрi);

депозитордың тегi, аты, әкесiнiң аты (бар болса), туған күнi;

депозитордың жеке басын куәландыратын құжаттың нөмiрi және оны берген мемлекеттiк орган туралы мәлiметтер, берiлген күнi;

жеке сәйкестендiру нөмiрi;

депозитордың заңды мекенжайы, тұрғылықты жерi;

банктiк шот және (немесе) банк салымы шарты жасалған күнi және нөмiрi, шарттың қолданылу мерзiмi;

депозит бойынша сыйақы мөлшерлемелерi;

депозит сомасы, сондай-ақ депозит бойынша есептелген және депозитор алған сыйақы сомасы;

3) берiлетiн iстердiң (құжаттардың) саны.

18. Өз қызметiн ерiктi түрде тоқтататын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң филиалы жеке тұлғалардың депозиттерiн аударуға байланысты барлық шығысты көтередi және жеке тұлғалардың депозиттерiн аударған күндi қоса алғанда, депозиттер бойынша сыйақыны есептейдi.

19. Өз қызметiн ерiктi түрде тоқтататын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалы жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдау-өткiзу актiсiне қол қойылған күннен бастап 1 (бiр) жұмыс күнi iшiнде депозиттерге мiндеттi кепiлдiк берудi жүзеге асыратын ұйымның уәкiлеттi органына жеке тұлғалардың депозиттерiн қабылдау-өткiзу актiсiнiң және жеке тұлғалардың депозиттерiн аудару туралы шарттың көшiрмелерiн жiбередi.

20. Депозиттерге мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне қатысушы болып табылатын, жеке тұлғалардың депозиттерi аударылған банк немесе Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкi филиалы бiр ай мерзiм iшiнде депозиттерi оған

берілген жеке тұлғалардың банктік шот және (немесе) банктік салымы шарттарын жасайды.

21. Жеке тұлғалардың депозиттерін аудару жөніндегі ақпаратты өз қызметін ерікті түрде тоқтататын Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалы республикалық мерзімді баспасөз басылымдарында қазақ және орыс тілдерінде жариялайды.

Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкі филиалының
қызметін ерікті түрде тоқтатуға
рұқсат беру, сондай-ақ жеке
тұлғалардың депозиттерін
қайтару, оларды депозиттерге
міндетті кепілдік беру жүйесіне
қатысушы болып табылатын
банкке немесе
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкінің
филиалына аудару қағидаларына
1-қосымша
Нысан
Қазақстан Республикасы
уәкілетті органының
төрағасына

**Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беру туралы өтінішхат _____
_____ (Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің атауы)**

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің тиісті органының Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтату туралы _____ жылғы "_____" _____ № _____ шешіміне сәйкес _____ (өткізу орны) Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі филиалының қызметін ерікті түрде тоқтатуға рұқсат беруді сұрайды.

Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкінің лауазымды тұлғасы не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкі құжаттарға қол қоюға уәкілеттік берген тұлға өтінішхатқа қоса берілген құжаттар мен мәліметтердің дәйектілігін, сондай-ақ уәкілетті органға осы өтінішхатты қарауға байланысты сұратылған ақпараттың уақтылы ұсынылғанын растайды.

Ақпараттық жүйелерде қамтылған, заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісім беремін.

Қосымша (жіберілген құжаттар мен мәліметтердің тізбесін, олардың әрқайсысы бойынша даналар және парақтар санын көрсету):

(Қазақстан Республикасы бейрезидент-банкiнiң лауазымды тұлғасының не Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi құжаттарға қол қоюға уәкiлеттiк берген тұлғаның қолы, күнi)

Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкi филиалының
қызметiн ерiктi түрде тоқтатуға
рұқсат беру, сондай-ақ жеке
тұлғалардың депозиттерiн
қайтару, оларды депозиттерге
мiндеттi кепiлдiк беру жүйесiне
қатысушы болып табылатын
банкке немесе
Қазақстан Республикасы
бейрезидент-банкiнiң
филиалына аудару қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Қазақстан Республикасының бейрезидент-банктерi филиалдарының қызметiн ерiктi түрде тоқтатуға берiлген рұқсаттардың тiзiлiмi

№	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының атауы	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi шешiмiнiң күнi мен нөмiрi	Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi түрде тоқтатуға берiлген рұқсаттың күнi мен нөмiрi	"Азаматтарға арналған үкiмет" мемлекеттiк корпорациясында Қазақстан Республикасының бейрезидент-банкi филиалының қызметiн ерiктi түрде тоқтатуды тiркеу туралы ақпарат
1	2	3	4	5